

## Қазақстан Республикасындағы жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметін реттеуді жетілдіру мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 12 қыркүйек N 1333. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Елдің табиғи ресурстарын мейлінше тиімді және ұтымды пайдалану, өндіргіш күштерін кешенді және теңдестірілген түрде дамыту, жер қойнауын пайдалануға шетелдік және отандық капиталды, жаңа технологиялар мен ноу-хауды барынша тарту, менеджмент пен маркетингтің алдыңғы қатарлы жетістіктерін пайдалану, инвесторлар мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының өзара іс-қимылы мәселелеріндегі айқындық пен жариялылықты қамтамасыз ету, олардың арасындағы функцияларды басы артық қайталауды жою және жер қойнауын пайдаланудағы инвестициялық қызметті реттеуді жетілдіру, жер қойнауын пайдалануға лицензиялар беру мен келісім-шарттар әзірлеу жөніндегі жұмыстарды жеделдету, олардың Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сай болуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен бірлесіп жыл сайын жер қойнауын пайдалану жөнінде операциялар жүргізуге лицензиялар беру үшін Қазақстан Республикасының аумақтары учаскелерінің тізбесін белгілесін.<\*>

*ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578 қаулысымен*

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жер қойнауын пайдалануды лицензиялау жөніндегі жұмыс органының функциялары жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, жалпы таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға құқық алған жер қойнауын пайдаланушылармен (мердігерлермен) келісім-шарттарды әзірлеу мен жасасу жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің бірден-бір Құзыретті органы болып табылады деп

б е л г і л е н с і н .

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне :

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігімен және Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен бірлесе отырып минералдық шикізат кешенін дамыту үшін тікелей инвестицияларды тарту мен пайдаланудың стратегиясын әзірлеу;<\*>

жер қойнауын пайдалануға лицензиялар алу және (немесе) келісім-шарттар жасасу жөніндегі өтінімдерді қарау мен қабылдау;

пайдалы қазбаларды барлауға және (немесе) өндіруге лицензиялар алу құқығына инвестициялық бағдарламалардың конкурстарын өткізу, инвестициялық тендерлер мен аукциондар ұйымдастыру;

жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасасу жөніндегі консультанттарды таңдап алу бойынша тендерлерді ұйымдастыру мен өткізу;

тиісті орталық және жергілікті атқарушы органдарды, сондай-ақ қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшылар мен консультанттарды тарта отырып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі әзірленіп отырған келісім-шарттардың өндірістік-техникалық, экономикалық, экологиялық, қаржылық, салықтық және өзге де шарттарына талдауды ұйымдастыру мен жүргізу;

жер қойнауын пайдаланудағы инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажетті келіссөз және рұқсат беру құжаттарын алуды ұйымдастыру;

жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен келісім-шарттардың қағидаларын орындауына бақылауды ұйымдастыру және мониторингті жүзеге асыру;

жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар мен келісім-шарттарды тіркеу мен сақтаудың мемлекеттік функцияларын жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктер жүктелсін.

*ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.06.22. N 578*

қ а у л ы с ы м е н

5. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғи ресурстар министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Әділет министрлігімен бірлесе отырып 1997 жылдың 1 қарашасына дейін жер қойнауын пайдалануға берілген лицензиялар мен жасалған келісім-шарттарға тексеріс жүргізісін.

6. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі, Экономика және сауда министрлігі 1997 жылдың 1 қазанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған

шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп,  
Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ